



«Мектеп жасына дейінгі баланың оқу және жеке әрекеті кезіндегі ойынның рөлі (дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар)»

Өскемен қаласы
2023 жыл

«Мектеп жасына дейінгі балалардың өміріндегі ойынның орны»

Ойынның негізгі ерекшелігі ол балалардың қоршаған өмірді- адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін, олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады. Ойын қызметінің тағы бір ерекшелігі- оның өз әрекеттік сипаты. Ойынды басқара жүріп, тәрбиеші баланың жеке басының барлық жағына: оның санасына, сезіміне, ерік-жігеріне, мінез-құлқына ықпал жасайды, ойынды ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және дене тәрбиесінің мақсаттары үшін пайдаланады. Ойын үстінде және ойын арқылы тәрбиеші мектеп жасына дейінгі балалардың батылдық, адалдық, инициативалық, ұстамдылық секілді сапалық қасиеттерін дамытады. Ойынды ұйымдастырып, оны басқара жүріп, тәрбиеші балалар коллективіне және коллектив арқылы әр балаларға ықпал жасайды. Ойынға қатысушы бала өзінің ниеті мен әрекетін басқалармен үйлестіруге, ойында қалыптасқан ережелерге бағынуға тиісті болады.

Ойын эстетикалық тәрбие құралы ретінде де кеңінен пайдаланылады, өйткені балалар өздерін қоршаған дүниені роль, бейне арқылы көрсетеді. Ойында қиялдың – бұрын алған әсер негізінде бейне жасаудың зор маңызы бар. Көптеген ойындардың мазмұнына таныс әндер, тақпақтар, жұмбақтар енгізіледі. Осының бәрі тәрбиешіге балалардың эстетикалық әсерленуін тереңдете түсуге мүмкіндік береді.

Таңертеңгі тамақ пен сабақ арасында (8-10 минут) балалар әдетте басталған ойынды жалғастырады немесе ойыншықтармен, стол үстіндегі ойындармен ойнайды мен ойнайды.

Ересек балалар үшін программада оқу аралығындағы ойындар көзделген. Олардың мақсаты-балалардың қысқа ғана (8-10мин) тынығуы, бірақ ол ойындар тым көп қимыл белсенділігін талап етпеуге, ақыл – ойға айтарлықтай салмақ түсірмеуге тиіс.

Сонымен бірге ойын да балалардың танымдық дамуына әсер етеді, білімдерін кеңейту қажеттігін туғызады. Ойын білімдерді мақсат қоя және дәйектілікпен қайталауға, оларды ойын әрекеттерінде, ережелерде іске асыруға үйретеді. Ойындар мазмұнына, өзіне тән ерекшеліктеріне, олардың балалар өмірінде, тәрбиесі мен оқуында қандай орын алатынына қарай ажыратылады. Тәрбие практикасында балалар үшін ересектер белгілеп берген ережесі бар ойындар да пайдаланылады. Ережесі бар ойындарға дидактикалық, қимыл, ермек ойындар жатады. Олар айқын тұжырымдалған программалық мазмұнға, дидактикалық есептерге, мақсат қойып үйретуге негізделген. Мұнда балалардың өнерпаздығы болуы мүмкін, бірақ ол тәрбиешінің басшылығымен көбірек ұштастырылады. Ойын тәжірибесін игерген, ұйымдастыру қабілеті дамыған кезде балалар бұл ойындарды да өздері жүргізе алатын болады.

Ойын баланың ақыл – ойы дамуы үшін ғана маңызды емес, ол оның тұтасымен тұлғасының дамуында маңызды.

Ойын баланың ақыл – ойы дамуы үшін ғана маңызды емес, ол оның тұтасымен тұлғасының дамуында маңызды.

Ойын балалардың басқа адамдармен өзара әрекетінің дамуына да айтарлықтай ықпал етеді. Бұдан басқа бала ойында үлкендердің өзара әрекеттері мен өзара әрекеттердің ережелерін, тәсілдерін меңгереді, құрбы – құрдастарымен біріккен ойындарда ол өзара түсіну тәжірибесін жинақтайды, басқа балалармен келісімге келуге, өз әрекеттері мен ниетін түсінуге үйренді.

Бала айналадағы өмірден алған әсерлерін ойындарында бейнелейді. Ойын арқылы баланың еліктеу, қиялдау, ойлау, қабылдау, таным қабілеттері дамиды. Сондықтан ата-аналар ойыншықты баланың жасына лайықты әперу керек. Ойыншықтың шамадан тыс көп болуы баланы қызықтырмайды. 6-7 жастағы балаларға құрылыс жасай ойнайтын текшелер

(тақтай қиындыларын) алғанда ірілі-ұсақты аралас болсын. Сол сияқты «Жас конструктор,» «Өзің жасап үйрен» деген сияқты ойын бұйымдарын әпергенде әуелі ойынның тәртібін айтқан жөн. Бұл жастағы балаларға үйде ойнайтын кішкене бильярд ойындары да пайдалы. Оған қажетті киім, бұйымдарды бірден алуды ұмытпау керек. Өйткені 6-7 жасар қыз балалар қуыршақтарына бөлме жасайды. Бөлме ішіне қажетті бұйымдарды тиісті орнына қойып, керегіне қарай пайдалана білуге үйренеді. Қуыршақтың киім-кешегін жуып, үтіктейді. Оған киім тігеді.

Балалардың қызығып ойнайтын ойындарының бірі – « Дәрігер », « Шаштараз», «Автобус» тағы басқалар. Ата – аналар «Шаштараз», «Дәрігер Айболит», «Кішкентай қожайын», «Тіге біл» деген ойындарға керекті бұйымдарын әперіп, дұрыс пайдалана білуге үйрету қажет. Дайын жабдықтар болмаса, ондай заттарды қолдан жасап берген жөн.

Ата-аналар бала ойынына басшылық жасап ойынның мақсатты әрекетке бағытталар жүргізілуіне ақыл-кеңес беріп отырған жөн. Балалар ата-анасының ойынға көңіл бөліп, жәрдем көрсеткеніне әрқашан қуанады. Мысалы; «Үйінде ойыншықтарың бар ма?, Қуыршағыңа ат қойдыңба?, Оның аты кім?, Бұл ойыншықтармен қандай ойын ойнайсың?» деген сұрақтарға балалар әрқашан жауап береді. Біреуі: «Менің қуыршағым бар, екеуі үлкен, біреуі кішкене. Мен оларға Дана, Болат, Алма деп ат қойдым. Қуыршақтарымды серуенге шығарамын, ойнатамын, тамақтандырамын, содан киін ұйықтайды, мамам оларға көйлек, пальто тігіп берді » десе, екінші біреулер: «Менің мамам жұмыста, қолы тимейді, қуыршағымның киімі жоқ» дегенді айтады. Осы мысалдардан ата-аналардың балалар ойынына қаншалықты дәрежеде көңіл бөлегіні белгілі.

Әлемдік педагогикада ойын нақты мақсатқа жетуге бағытталған және белгілі шарттары (ережесі) бар әрекеттерден тұратын, ойынға қатысушылар арасындағы жарыс немесе сайыс ретінде құрастырылады.

Ең бастысы, ойынның қарым-қатынас, оқыту және өмір тәжірибесін жинақтаудың құралы ретінде аса күрделі әлуметтік- мәдени құбылыс екендігін ұмытпаған жөн.

Ойынның күрделілігі оның формаларының көптүрлілігімен, өткізу ережесімен және оған қатысу жолдарымен анықталмақ. Ойынның әлуметтік мәдени табиғатының өзі –ақ,, оны білім берудің басқа ешнәрсе ауыстыра алмайтын элементі етіп көрсетеді. Ойын барысында:

-мінез –құлық ережелері және келешек өмірге қажет әлуметтік топтардың (қоғамдық формация түрі) рольдері меңгерілді;

-олардың мүмкіндіктері қарастырылады;

-біріккен ұжымдық іс-әрекет дағдылары жинақталады, ойын мақсатына жетуге қажетті балалардың жеке ерекшеліктері қалыптасады;

-мәдени дәстүрлер жинақталады.

Ойын көбінесе серуен кезінде ұйымдастырылады. Сондықтан аулада арнаулы құрылыстар, ғимараттар (кемелер, автобустар) көптеген құрылыс материалдары күректер, доптар секіргіштер болуға тиіс. Ойын сонымен бірге сабақ кезіндегі оқытумен де тығыз байланысты. Ойын ешқашанда өзінің қызықтылығын жоғалтпайды, тек оның мазмұны, сипаты өзгереді. Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті-рольдік, драматизациялық дидактикалық құрылыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді.

Сюжетті рольді ойындар мектепке дейінгі балаларға тән, ең сипатты ойындар болып табылады. Ол балалар өмірінде елеулі орын алады. Сюжетті - рольді ойындарының ерекшелігі сол, оны балалардың өздері жасайды. Ойынның дербес әрекеті айқын

өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар ұзақта қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті – рольді ойында бейнелеу құралы роль мен ойын әрекеттері болып табылады. Мысалы: «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушының әрекеттеріне, ал «Аурухана» ойынын ойнағанда дәрігер мен науқастың әрекеттеріне еліктейді. Драматизациялық ойындарда мазмұн, рольдер, ойын әрекеттері қандай да бір, әдеби шығарманың, ертегінің т.б. сюжеті мен мазмұнына сәйкес болады. Ол сюжетті-рольді ойынға ұқсас. Драматизация ойынында балаға қандай болсын айқын тәсіл көрсетпеу керек ол үшін ойынның шын мәнінде ойын болғаны дұрыс.

Құрылыс ойыны – балалар әрекетінің бір түрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді алуан түрлі құрылыстарды және соларға байланысты іс-әрекеттерді бейнелеу болып табылады. Құрылыс ойыны бір жағынан сюжетті- рольді ойынға ұқсас келеді, және соның бір түрі деп қоралады, олардың қайнар көзі біреу- қоршаған өмір. Балалар ойын үстінде көпілер, стадиондар, театрлар, цирктер т.б. ірі құрылыстар салады. Құрылыс ойындарында олар қоршаған заттардың, құрылыстардың көшірмесін жасап, құр бейнелеп қана қоймайды, сонымен бірге сөздерінің шығармашылық ойын, жобалық-міндеттерінің өзіндік шешімін енгізіледі.

Дидактикалық ойын формасы кішкене балаларға мейлінше тән оқыту формасы болып табылады. Ойын өлең мен қимылды ұштастыру негізінде жүргізіледі. Мысалы: «Сықырлы қақпақтың сырын ашайық» деген ойында ересек топтарда тәрбиеші балаларды зат туралы айта білуге үйрету, оларды жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға қояды, ойын міндеті қақпақтың астында не бар екенін білу. Дидактикалық ойынның нәтижесі қандай жолмен болса да өту емес, балалардың білімді игеру, ақыл-ой қызыметін дамытуда, өзара қарым-қатынас жасауда жеткен жітістіктерінің көрсеткіші. Дидактикалық ойындарда да балалардың алдына қандай да бір міндеттер қойылады, оларды шешу үшін назарды жұмылдыру, ерікті зейін қою, ережені ой елегінен өткізе білу т.б. Олар балалардың түйсіну және қабылдау қабілетін дамытуға, ұғымдарын қалыптастыруға, білімді меңгеруіне көмектеседі. Дидактикалық ойындар топ бөлмесінде, аулада, залда, учаскеде өткізіледі. Дидактикалық ойынның орталығы ойыншықтар мен ойын құралдары. Әрбір топта дидактикалық тұрғыдан жабдықталған қуыршақ, оның күнделікті тұтынуына керекті барлық заттардың комплекілері болу керек. Олар мектеп жасына дейінгі балалардың түйсіну және қабылдау қабілетін дамытуға, ұйымдарын қалыптастыруға, білім меңгеруіне көмектеседі. Бұл ойындар балаларды қандай да бір ой міндеті мен практикалық міндетті шешудің алуан түрлі үнемді және ұтымды тәсілдеріне үйретуге мүмкіндік береді.

Олардың дамытушы ролі – міне, осында. А.В.Запорожец дидактикалық ойындардың ролін бағалай келіп, былай деп жазады: «Біз дидактикалық ойын жекелеген білімдер мен іскерліктерді игерудің формасы ғана болып қоймай, сонымен бірге баланың жалпы дамуына көмектесетін, оның қабілеттерін қалыптастыруға қызмет ететін болуына жетуіміз қажет». Дидактикалық ойын адамгершілік тәрбие міндеттерін шешуге, балалардың көпшілігін дамытуға көмектеседі. Тәрбиеші балаларды олармен бірге ойнай білу, өз мінез – құлқын реттеу, әділ және адал болу, кешірімді және талапшыл болу қажет етілетін жағдайға қояды.

Үстел үсті ойындарға лато, домино, тақырыптық ойындар («Қайда не өседі?», «Бұл кімге?» т.б.) пазылдар, леголдар, қимыл белсенділігін, ептілікті талап ететін ойындар («Ұшатын қақпақтар», «Қаздың балапаны», «Нысанға тигіз» т.б.) мозайка типтес ойындар жатады. Ересек топтағы балалар шін қағазға басылған стол үстінде ойналатын ойын қызықты келеді. Оларға табиғат құбылыстары, көліктің алуан түрлері (кім не біледі?, немен жүреді?, немен жүзеді?, немен ұшады?) бейнелеген, ертегілердің кейіпкерлердің кейіпкерлері қимыл көрсетеді.

Қимыл ойындары балалардың қозғалысын жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру, қағып алуды жаттықтыруға, дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік береді. Қимыл ойындары

баланың жүйке басының аса маңызды салаларының қалаптасуына да үлкен әсер етеді. Қимыл ойында ережелер ұйымдастырушы роль атқарады, олар ойынның барысын, жүйелігін, ойнаушылардың қарым-қатынасын, баланың мінез құлқын анықтайды. Қимыл ойындары үйдің ішінде және серуен кезінде бірнеше баламен немесе бүкіл топпен өткізіледі. Олар сондай-ақ дене шынықтыру сабақтарының құрамына енеді. Балалар ойынды игерген соң өздерінен ойнай алады. Қимылды ойындарды ұлттық желісінде ұйымдастыруға болады. Мысалы: «Соқыр теке», «Көкпар», «Асық», «Бәйге», «Тақия тастамақ» т.б. ойындар жатады. Балалар өмірінің кезеңі ойын арқылы жетіледі.

Сол арқылы ойындар да топта жас ерекшелігіне сай жүргізіледі. Ойын балаларға сабақта да, серуенде де өте қажет, тіпті бала жай дем алып отырғанның өзінде де ойын үстінде болады. Қимылды ойындар балалардың барлық жас кезінде өтеді. Өмірдегі түсінігі еліктеуі, бақылауы осы ойын үстінде көрініс табады.

Ойын бірқатар педагогикалық міндеттерді шешуге де көмектеседі. Ойында бала өмірлік қажетті білім, іскерлік және дағдыны меңгереді. Демек бұл балалар ойынын арнайы педагогикалық ұйымдастырудың қажеттігін көрсетеді. Оның мазмұнында баладан белгілі білім, нақты әрекеттерді орындауды талап ететін тапсырмалар орын алуы керек. Мысалы; Мектеп ойынын ойнау керек болса бала әріптерді аса құмарлықпен меңгеруге талпынады, ал арнайы ұйымдастырылған дүкен ойынында қарапайым есептеу дағдыларын бекітеді. Әйтсе де, осы міндеттердің шешімін табуы үлкендермен біріккен ойында ғана жүзеге аспақ.

Сонымен, ойын балаларды жан-жақты тәрбиелеу және дамыту құралы болып табылады. Ойын бала үшін-нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. А. П. Усова былай деп атап көрсетті: «Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру-оларды тәрбиелеу деген сөз. Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршілік етеді ».

Балаларға ойнататын ойынды таңдап алудың елеулі маңызы бар. Оған күнбе-күн басышылық жасай отырып, тәрбиеші әрбір баланы зерттейді, балалар бірлестіктерін қалыптаса бастаған ойын коллективтерін ашады. Оның қайсы бір топтанудың пайдалы немесе зиянды екенін бағалауға, балаларға, белгілі дәрежеде ықпал жасау қажеттігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндігі болады.